

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны математика әдістемелік пән бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

29.08.2025жыл

Қатысқандар – 15

Қатыспағандар - 0

Қаралды:

1. 2024-2025 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі;
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.
2. Жаңа оқу жылына әдістемелік бірлестіктің мүшелерін, міндеттерін, жоспарын бекіту және мұғалімдердің сабақ жүктемесі туралы.
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.
3. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу. Жаңа 2025-2026 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы нұсқаулық хатпен танысу.
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.
4. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстыру
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.
5. ЖИ қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін мектепшілік құжатты талқылау және бекіту
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.
6. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарды пәнге кіріктірудің тиімді жолдары
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.
7. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың жоспарын бекіту;
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.
8. Lesson Study жоспарын бекіту
ӘБ жетекшісі Нуржигитова Б.З.

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Нуржигитова Балжан бірлестік мүшелерін жаңа оқу жылымен құттықтап 2024-2025 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытындысын баяндады. 2025-2026 оқу жылында математика пәні бірлестігінде **«Математика сабағында құндылыққа баулу арқылы білім беруді жаңашаландырып, оқушылардың функционалдық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту»** деген тақырыпта жұмыс атқарды. Әдістемелік бірлестіктің аталған тақырыптағы жоспарланған жұмысы, әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы білім беруді мақсат еткен.

Отырыс жоспарлары мен жылдық жоспар жасалынып бекітілген. Оқу жылының басында әдістемелік отырыстың мәжілісі болып, мұғалімдердің сағат жүктемелері анықталынды. Оларға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасаланып, талқыланып бекітілді.

Бірлестікте 15 мұғалім жұмыс жасайды. Олардың ішінде 6 педагог-зерттеуші, 1 педагог-сарапшы, 5 педагог-модератор, 3 жас маман.

2. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту; пед жүктемені бөлу;

2025-2026 жылдың тамызындағы педагогикалық кеңестің шешімін ескере отырып, биылғы 2025-2026 оқу жылындағы «Ұзақ мерзімді», «Қысқа мерзімді» жоспарларының қалай жасалуын

талқылап, бір шешімге келіп, бекітті, яғни электронды нұсқада, kundelik.kz жүктелетін болып келісілді. Ағымдағы оқу жылында өтетін қалалық, облыстық көлемдегі байқауларға оқушыларды дайындау әрбір пән мұғалімдерінің күн тәртібіндегі ең бірінші мәселесі болуы керек тігі айтылды. Мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық сабақ жоспарларының бағдарламаларын бекітіру мақсатында әрбір мұғалімнің сабақ жүктемесіне сәйкес құрастырылған ұзақ мерзімді жоспарлары қарастырылды. Кемшіліксіз талапқа сай екендігі анықталды.

3. Келесі мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Нуржигитова Балжан нұсқаулық хатпен таныстырып талқылады.

«Математика» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» азақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде 5-6 сыныптарда «Математика» пәні, 7-9 сыныптарда «Алгебра» және «Геометрия», 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндері оқытылады.

«Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндеріне бөлінген оқу жүктемелері «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрықпен енгізілген) бекітілген. Осы бұйрыққа сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесінде Үлгілік оқу жоспарының екі түрі: Үлгілік оқу жоспарлары (негізгі) және төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары қолданылады.

2025-2026 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарлама сындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспарын дайындаудың ретімен таныстырылды.

«Математика» пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына сәйкес келетін жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын анықтау қажеттілігін айтып өтті. Үлгілік оқу бағдарламалары ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады, онда бөлімдер оқу жылы ішінде оқытылады және мұғалім оқу сағаттарын және оқу мақсаттарының кезектілігін тоқсан ішінде еркін бөледі.

4. Оқу жылы ағымындағы пән апталығының өткізу кестесімен таныстыру

Ағымдағы оқу жылының бірінші жарты жылдығында математика пәні апталығы өтетіндігі айтылып, таныстырылды. 2025 ж 2 қыркүйек №225 бұйрығымен онкүндік пән апталық кестесі «3» қараша - «14» қараша 2025 ж аралығында өтетіндігі айтылды.

5. ЖИ қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін мектепшілік құжатты талқылау және бекіту

Келесі мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Нуржигитова Балжан сөз алып, бүгін біз жасанды интеллектіні қолданудың мектепшілік этикалық нормалары мен стандарттарын талқылап, бекіттік. Бұл құжаттың негізгі мақсаты – ЖИ-ді білім беру үдерісінде тиімді пайдалану барысында оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытып, әр оқушының деңгейіне сай тапсырмалар беруге мүмкіндік береді. Мұғалімдерге ЖИ құралдарын көмекші ресурс ретінде қолдану ұсынылады, сабақ жоспарын, тест, көрнекілік материалдарды тез әзірлеуге көмектеседі. Сабақ барысында ЖИ құралдарын көмекші ресурс ретінде пайдалану ұсынылды.

6. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарды пәнге кіріктірудің тиімді жолдары

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» атты үшінші отырысында берген тапсырмасына сәйкес Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын әзірледі. (ҚР Оқу-ағарту министрінің №194 бұйрығы 30.07.2024).

Қазіргі білім беру тек пәндік және метапәндік білімді игеруге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың қоғамда толыққанды өмір сүруіне қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Мектептегі математика курсын оқу барысында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында және «Адал азамат» тәрбие бағдарламасында (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123) белгіленген құндылықтар мен негізгі құзыреттерді дамытуға назар аудару маңызды.

Мектеп математика курсын оқыту процесінде құндылықтарды кіріктіруді және құзыреттілікті қалыптастыру бойынша ұсыныстар:

- **тәуелсіздік және отаншылдық** – бұл ұлттық жетістіктерді сабақ мазмұнына кіріктіру. Мектептегі математика курсын оқытуда патриоттық тәрбие білім алушыларда туған елге деген құрметті, ұлттық мәдениет пен ғылым тарихына қызығушылықты қалыптастырады. Мысалы, қазақстандық ғалымдардың математикаға қосқан үлесін көрсету, елдің географиясы мен мәдениеті бойынша есептер шығару, Қазақстанның демографиясы мен экономикасына қатысты мәліметтерді математикалық модельдеу.

- **бірлік пен ынтымақ** – бұл білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуін, өзара көмектесуін, қолдау мен құрмет көрсетуін, сонымен қатар ұжымдық күштің ортақ мақсаттарға жетудегі маңызын түсіну. Бұл құндылықтар бірнеше формада көрінуі мүмкін: топпен немесе жұппен жұмыс істеу (мысалы, әр оқушы тапсырманың бір бөлігін шешуге жауап беретін содан кейін топ түпкілікті нәтижеге жету үшін күш біріктіреді топтық жұмысты ұйымдастыруға болады), талқылау және проблемаларды бірлесіп шешу (мысалы, тапсырма бойынша жеке жұмыс жасағаннан кейін, әрқайсысы өз шешімін түсіндіретін талқылау ұйымдастырылады) басқалардың пікірлерін қолдау және құрметтеу (мысалы, математикалық дебаттарда немесе пікірталастарда білім алушылар өз шешімдерін білдіре және қорғай алады, басқалардың шешімдерін құрметпен тыңдау және негіздеу), ұжымдық жобалар (мысалы, мектеп бюджетін жоспарлау жобасы немесе сыныпта ресурстарды бөлу моделін құру);

- **әділдік және жауапкершілік** – бұл білім алушылардың оқуға деген адал көзқарасын, тапсырмаларды өз бетінше орындаудың маңыздылығын, сондай-ақ өз еңбегінің нәтижелері үшін жеке жауапкершілігін қалыптастыруды көздейді.

- **креативтілік пен жаңашылдық** – бұл оқытуға шығармашылық тапсырмаларды қосу, өз тапсырмаларын құру, викториналар өткізу және деректерді визуализациялау, сонымен қатар стандартты емес тәсілдер мен түпнұсқа шешімдерді іздеуді ынталандыру. Мектептегі математика курсын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 18 оқуда шығармашылық пен жаңашылдықты ынталандыру білім алушылардың икемді ойлауын, бастамашылығын және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушыларға игерілетін тақырып бойынша өз тапсырмаларын құруды, білім ғана емес, тапқырлық та маңызды болатын жарыстар мен ойындар ұйымдастыруды, диаграммалар, графиктер мен схемалар арқылы визуалды ойлауды үйретуді ұсынуға болады;

7. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың тізімін нақтылау, жоспарын бекіту

Келесі кезекте оқушылардың үлгерім сапасына тоқтала келе, олардың білімді қабылдау мүмкіндігі әртүрлілігіне байланысты дарынды және үлгерімі төмен оқушыларға жасаған жұмыс жоспарлары талқыланды. Бізге мәлім әр сыныптағы балалардың жас шамасы қатар болса да түсінуі, құбылысты

сабылдау қабілеттері әртүрлі. Соның нәтижесінде әр сыныпта аз да болса сабаққа ынтасы төмен, үлгірмейтін оқушылар кездеседі.
Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізу- мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Сол мақсатта жұмыс жүргізген пән мұғалімдері арнайы жоспарын жасап, бекітті.

8. Lesson Study

Lesson Study жоспарын қалай жасалуын талқылап, бір шешімге келіп, бекітілді. Мұғалімдерге сабақты өту барысында тапсырмаларға сәйкес деңгейлік тапсырмаларды тиімді пайдаланып өткізу тапсырылды.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе, мәжіліс мынадай шешім етеді.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын;
2. 2025-2026 Әдістемелік нұсқау хаты талқыланып орындалсын, оқу жылының міндеттерімен бірлестік мүшелері толық таныстырылып, міндеттер орындалуына мақсат көзделсін;
3. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары талданып, педагогикалық жүктемесі бөлініп, әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін;
4. Мұғалімдердің жылдық жүктемесіне қарай бағдарламалар талқыланып, жасалынған күнтізбелік жоспар қаралып, бекітуге жіберілсін;
5. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстырып дайындық жүргізілсін;
6. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарды пәнге кіріктіру.
7. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың жоспарын бекіту
8. Қалалық, облыстық көлемдегі өткізілетін әр түрлі байқауларға оқушыны дайындап, қатыстырылсын;
9. Мұғалімдер сабақтарында оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, тиімді және әртүрлі қызмет түрлерін (телеуроқтар, интернет-платформалар арқылы сабақтар, өзіндік жұмыс, чат-сабақтар және т.б.), жасанды интеллектті тиімді қолдана отырып білім беру жолға қойылсын.
10. Lesson Study жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы  Нуржигитова Б.З.

Жиналыс хатшысы  Ергеш Н.Н.